

aceline

Қайнатпа шәйнек Aceline SQ-750

Боросиликат шыныдан жасалған Aceline қайнатпа шәйнек сусындар дайындауға арналған.

Шыны - кеуексіз материал, бұл оған өнімдердің дәмі мен хош иісін сіңірмеуге мүмкіндік береді.

Сақтық шаралары

Бұйымдарды қауіпсіз пайдалануға тек келесі шарттар сақталған кезде кепілдік беріледі:

- Бұйымды ол тағайындалмаған мақсаттар үшін пайдаланбаңыз.
- Бұйымның түсіп кетуіне жол бермеңіз, орын ауыстыру кезінде тұтқасынан мықтап ұстаңыз.
- Өнімді микротолқынды пеште, духовкада, ашық отта пайдалануға қатаң тыйым салынады.
- Балалардың бұйыммен ойнауына жол бермеу керек.
- Шыны колбаның жарықтары мен сынықтары болса, өнімді пайдаланбаңыз.
- Ыстық сұйықтық толтырылған бұйымды тасымалдау кезінде абай болыңыз.
- Ыдыс жуғыш машинада жуу кезінде нәзік режим қолайлы.
- Қыздырылған өнімді суға салмаңыз және сусындарды дайындағаннан кейін оны бірден суық сумен толтырмаңыз.
- Бұйымды тазалау үшін абразивті құралдар мен металл негізді губкаларды пайдаланбаңыз. Бұл бұйым бетінің зақымдануына немесе оның түссізденуіне әкелуі мүмкін.
- Жарақаттар мен күйіктерді болдырмау үшін шыны колбаның және тұтқаның сенімділігі мен бүтіндігін үнемі тексеріп отырыңыз.

Техникалық сипаттамалары

Үлгісі	SQ-750
Көлемі	0,75 л
Корпус материалы	Боросиликатты шыны
Қақпақ материалы	Тот баспайтын болат
Елек материалы	Тот баспайтын болат

Кепілдік міндеттемелері

Өндіруші бұйымның материалдары мен құрастырылуында ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдік қызмет көрсетуге өнім пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланылған жағдайда, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі. Сипатталған сақтық шараларын сақтамау Сізді тегін кепілдік қызмет көрсету құқығынан айырады.

Кепілдік келесі жағдайларда алынған зақымдануларға қолданылмайды:

- осы нұсқаулықта сипатталған сақтық шараларын бұза отырып, ыдыс-аяқты пайдалану (сақтықсыз қарау, ыдысты мақсатына сай пайдаланбау, ыдысты өнімнің осы түріне жарамсыз жуғыш заттарды қолдана отырып жуу);
- Бұйымды дұрыс пайдаланбау (қызып кету, құлау, басқа механикалық және термиялық әсерлер), қасақана бұзу немесе коммерциялық немесе кәсіби мақсаттарда пайдалану нәтижесінде алынған зақымданулар;
- бұйымның құрылымын өз бетінше жөндеу немесе өзгерту;
- ыдысты пайдалану нәтижесінде пайда болған сыртқы өзгерістердің, сондай-ақ ыдыстың функционалдық қасиеттеріне әсер етпейтін табиғи тозудың пайда болуы (сыртқы немесе ішкі бетінің механикалық зақымдануы (сызаттар, үйкелістер және т.б.).

Кепілдік мерзімі: 12 ай.
Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:
<https://www.dns-shop.kz/service-center/t/>

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Бұйым қандай да бір монтажды немесе қосымша бекітуді қажет етпейді.
- Өнімді сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында қаптамада жүргізілуі тиіс. Бөлмелерде коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Бұйымды тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұл бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Уи Финикс Хаусхолд Ютенсилс Ко., Лтд.
Сенчури тасжолы, №16, Ваншанью өнеркәсіптік паркі, Цюаньси, Уи, Цзиньхуа қ., Чжэцзян провинциясы, Қытай.
Қытайда жасалған.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС,
Астана қ., Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғ., 12 ғим., Қазақстан Республикасы.

Электрондық пошта мекен-жайы: info@dns-shop.kzx.com.
Тауар КО ТР (ЕАЭО) талаптарына сәйкес келеді.



Тауар жасалған күні (аа.жжжжж): _____

V.1